

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі Ғылым академиясы орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1663.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.22. N 632 қаулысымен. ~P970632

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес аппарат қызметкерлерінің шекті санының негізінде 108 адам болып бекітілсін (ғимарат күзету және оған қызмет көрсету жөніндегі қызметшілерді қоспағанда).

2. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына Қазақстан Республикасының Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің 4 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасары - вице президентін, сондай-ақ адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым

академиясы үшін 5 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 мамырдағы N 548
P960548_

қаулысы;

"Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 шілдедегі N 924

P960924_

қаулысының 2-тармағының екінші абзацы.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1663 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым
академиясы орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Мемлекеттік ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламалар
басқармасы

Іргелі зерттеулер басқармасы

Ғылыми-ұйымдастыру басқармасы

Халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық басқармасы

Ақпараттық инфрақұрылымды дамыту басқармасы

Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау бөлімі

Қаржы-экономика бөлімі

Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі

Ғылыми-баспа жұмысы бөлімі

Кадр жұмысы бөлімі

Өндірістік-әкімшілік басқармасы